

**"Оңтүстік Қазақстан облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 246 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 161 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 маусымда № 3200 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 334 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 22.10.2015 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , «Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және оны түзету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 246 «Оңтүстік Қазақстан облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2770-нөмірмен тіркелген, 2014 жылғы 21 тамызда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

«Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері» деген 2-тарауда: 16 тармақ: мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын болып табылатын субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп бекіту.».

2. «Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын

мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде  
р е с м и ж а р и я л а н у ы н ;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына  
орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары  
Е.Ә.Садырға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*А.Мырзахметов*

*Б . О с п а н о в*

*Б . Ж ы л қ ы ш и е в*

*Е . А й т а х а н о в*

*С . Қ а н ы б е к о в*

*Е . С а д ы р*

*С . Т ұ я қ б а е в*

*А . А б д у л л а е в*

*Р.Исаева*